

ЭЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ИССАПАРМЕН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНА КЕЛДІ. САПАР БАРЫСЫНДА НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ GRAND PARK ALMATY САУДА ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢА ҒИМАРАТЫНДА ОРНАЛАСҚАН ГИПЕРМАРКЕТТІ АРАЛАП, ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН ӨНІМДЕРДІ КӨРДІ. СОНДАЙ-АҚ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОТАҢДЫҚ ӨНДІРІСТЕН ШЫҚҚАН ТАУАРЛАР САТЫП АЛДЫ. СОНЫМЕН ҚАТАР МҮНДА ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІНЕ САУДА САЛАСЫ МЕН ЖАЛПЫ ҚАЛАНЫҢ ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ҚАТЫСТЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР ТУРАЛЫ БАЯНДАЛДЫ.

Саттеfour гипермаркетіне қазақстандық 500-ден аса компания өз өнімін жеткізеді, соның 130-ы – Алматы қаласы мен Алматы облысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер. Сауда үйіндегі барлық тауар түрлерінің ішіндегі отандық өнімдер үлесі шамамен 40-50% болады.

8 мың шаршы метр алаңда 30 мың аталымдағы тауарлар қойылған. Қазіргі кезде гипермаркетте 450 қызметкер жұмыс істейді. Инвестицияның жалпы көлемі 5 миллиард теңге болды.

Осыдан кейін Мемлекет басшысы Алатау ауданындағы Мұз аренасында болды. Нұрсұлтан Назарбаев спорт кешенінің инфрақұрылымымен танысты. Мұнда 2017 жылы қысқы Универсиаданың ашылу және жабылу рәсімі, сондай-ақ мәнерлеп сырғанау мен керлингтен жарыстар өтеді.

Мемлекет басшысына қаланың негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері, «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Алматы облысындағы автомобиль жолдары желісін, инновациялық кластер және «Инновациялық технологиялар паркі» арнаулы экономикалық аймағын дамыту барысы туралы баяндалды.

Қазақстан Президентіне Универсиада нысандары құрылысы және халықаралық жарыстар ұйымдастыру мәселесі бойынша бүгінге дейін атқарылған жұмыстар жөнінде айтылды. 28-ші Дүниежүзілік қысқы Универсиада дайындығына қатысты дирекция мәліметтері бойынша, іс-шараның операциялық бюджеті екі есеге – 17 миллиард теңгеге дейін ықшамдалған.

8 спорт нысанында 12 спорт түрі бойынша өтетін жарыстарға әлемнің 55 елінен 2 мыңға жуық спортшы қатысады деп жоспарланып отыр. Олар қысқы Универсиада тарихында бірінші рет Атлеттер мекенінде жайғасатын болады. Қазіргі уақытта 34 ел қатысатынын растап, онлайн-тіркеуден өтті.

Жарыс өткізу барысында 30 мыңға жуық туристер мен шетелдік қонақтар келеді деп жобалануда. Қысқы Универсиаданың күнделікті телекөрсермендер аудиториясы әлемнің 80 елін қамтып, 1 миллиард адамға жетпек.

2016 жылғы наурыздан спорт нысандарының, қала қызметтерінің өкілдерін, еріктілерді қаладағы 5 жоғары оқу орнында ағылшын тіліне оқыту бағдарламасы басталады. Жарысты ұйымдастыру ісіне 3 мыңға жуық ерікті тартылады.

Елбасы осы ауданда салынатын 7 мың адамдық мешіт құрылысының жобасымен танысты, сондай-ақ қаладағы діни конфессия және шығармашыл зиялы қауым өкілдерімен кездесті.

Сапар барысында Елбасы Алматы әуежайын дамыту бағдарламасын жасап, қаланың абаттандырылмаған аудандарына көңіл аударуды тапсырды. Мемлекет басшысы атап өткен маңызды міндеттер қатарында қала экологиясын жақсарту мәселесі де бар.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

17

АҚПАН
СӘРСЕНБІ

2016 ЖЫЛ
№24 (19109)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz

ИНВЕСТИЦИЯ – ИГІЛІК БАСТАУЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев облыс әкімдеріне шетелдік инвесторлармен келіссөздерді күшейтуді және олармен жобаларды бірлесіп жүзеге асыруды тапсырып отыр. Өйткені, жаһандық дағдарыс жағдайында өңірлерді дамытуға халықаралық қаржы ұйымдарының ресурстарын тарту ерекше маңызға ие. Елбасының бұл тапсырмасын орындаған өңірлердің алғашқы легінде біздің облыс түр десек, артық айтпаған болар едік. Бүгінде халықаралық қаржы ұйымдарынан жобаларға қаражат тарту ісі бойынша Қызылорда облысы республикада көш бастап келеді. Мәселен, Еуропалық қайта құру және даму банкі, Азиялық даму банкі, Ислам даму банкі, Халықаралық қайта құру және даму банкімен, сондай-ақ Халықаралық қаржы корпорациясымен ("IFC") нәтижелі келіссөздер жүргізілді.



Дәлірек айтсақ, Еуропалық қайта құру және даму банкімен бірлескен жалпы құны 60 млрд теңгеден астам қаражат болатын 8 жоба бар, оның жетеуі облыс орталығы – Қызылорда қаласының инфрақұрылымын дамытуға арналған. Төрт жоба бойынша несиелік келісімдерге қол қойылды, қазір жұмысы жанданды. Оларға тоқтала кетейік, Қызылорда қаласының жылумен жабдықтау жүйесін жаңғырту, Шиелі, Жаңақорған аудандары мен Қызылорда қаласы темір жолдың арғы бөлігінің электр жүйелерін жаңғырту, Қызылорда қаласын сумен қамтамасыз ету және су бұру жүйесін қайта құру, сонымен бірге

Қызылордада автобус паркін құру жобасы. Мысалға, соңғы жоба бойынша, ЕҚҚДБ-ның несиелік желісі арқылы заманауи қалалық кластағы автобустарды сатып алу және жаңа коммуналдық автобус паркін салу жобасы басталды. Бұл біздің қоғамдық тасымал саласына серпіліс әкелді.

Бұдан бөлек, Халықаралық Ислам қаржы ұйымдары және Азия даму банкімен инфрақұрылымдық, индустриялық, ауыл шаруашылығы, сондай-ақ тұрғын үй жобаларын іске асыру төңірегінде келіссөздер жасалуда. Осының өзінде Азия даму банкімен Сырдарияның сол жағалауында са-

лынатын жаңа қаланың қажетті инфрақұрылымын дамыту, тұрғын үй және әлеуметтік-тұрмыстық нысандарды салу жобаларын кезең-кезеңімен іске асыру мәселесін қаржыландыру шешілуде. Банк бұл жобаны «ақылды» қаланы («Smart City») дамытуға бағытталған «Кешенді инфрақұрылым бағдарламасы» ретінде жүзеге асыруды ұсынып отыр. Жалпы, сол жағалау игерілсе, онда Қызылорда қаласының көркіне көрік қосылаын деп тұр. Қазірдің өзінде дарияның екі бетін жалғайтын көпірдің құрылысы жүріп жатыр.

Мұның бәрі облысымызға инвестиция тарту бойынша ілкімді жұмыстар

атқарылып жатқанын айқындайды. Алдағы уақытта бұл бағытта атқарылар шаруа әлі де қыруар. Өйткені, барлық істі еңсеруге облыс бюджетінің қауқары жете бермейді. Сол үшін де «Байқоңыр» инвестициялық форумы жылына екі рет өткізіліп келеді. Сондықтан, сыртқы көздердің қаржысына жүгінуді жалғастыра беретін боламыз. Ал өңірге инвестиция келсе, экономикалық өсім де жоғарылайды, мұнымен бірге жаңа жұмыс орындары көптеп ашылып, өңір тұрғындарының әл-ауқаты жақсара түседі.

Дәурен ОМАРОВ.

БҮГІН – ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ЕСЕПТІ КЕЗДЕСУІ

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Әкімдердің халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2013 жылғы 15 тамыздағы №615 Жарлығына сәйкес, Қызылорда облысының әкімі Қырымбек Елеуұлы Көшербаев 2016 жылғы 17 ақпанда сағат 11.00-де Н. Бекежанов атындағы драма театрда халық алдында есеп береді.

● ӨНДЕУ ӨРІСІ

КӨКӨНІС ӨНІМДЕРІН КӨБЕЙТПЕК

Жаңақорған ауданы соңғы жылдары көкөніс өсіруге айрықша мән бере бастады. Бұрынғары өндірілген өнімді тез арада саудаға түсіруге ауылдардың орталықтан шалғайлығы аздап кедергі келтіретін. Қазіргі кезде ауданаралық жолдардың жөнделуі және аудан халқының нарықтық қатынасты жете түсінуі мұндай кедергілерге кідіріс таппайтын жағдайға жетті. Ең бастысы, Жаңақорған ауданында тың әрі көкөніс егуге қолайлы жер көлемі баршылық. Сондықтан да болар қияр мен қызанақ егуге қызығушылық ояңғандығы байқалады. Осы бағытта табысты жұмыс істеп келе жатқан компанияның бірі – сонау жылдары қызанақ егіп, мол өнім алған «Тату агро» шаруа қожалығы.

– Елбасы өз бағдарламаларында өнімді өндірумен қатар оны өңдеу мәселесіне де мән беру керектігін үнемі тапсырып келеді. Оны тиянақты орындау барша еңбекшімен бірге ауыл шаруашылығы саласының мамандарына да салмақ салары анық. Сондықтан да осы орайда «Тату агро» шаруа қожалығы өз мүмкіндігіне орай нарыққа бейімделе жұмыс ұйымдастыру үстінде. Мәселен,



өткен жылы 600 тоннадай түрлі жеміс шырындарын өндіріп, саудаға шығарсақ, 150 мың құты қиярды консервіледік. Оның үстіне өзіміздің төл өніміміз томат пастасы да бар, – дейді шаруашылықтың атқарушы директоры Әділхан Асқаров бізбен әңгімесінде. Оның айтуынша, механизаторлардың алғашқы легі дала жұмыстарына кірісіп те кетіпті. Данияр Сактағанов, Қанат Әбдіқадыров,

Құрбантай Байшоғыров секілді еңбек озаттары уақытпен қызу еңбек үстінде.

Жаңа басталған Мешін жылы шаруа қожалығы тиянақты жоспар жасап, көкөністі мол, табысты өсіруге дайындық үстінде. Шаруашылық биылғы жылы қызанақ егудің көлемін 100-150 гектарға жеткізуді ойластыруда. Сондай-ақ, олар «Даму-Өндіріс» өңдеуші өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдау бағдарламасына сәйкес ауылшаруашылық өнімдерін өңдеу саласы бойынша томат өнімдерін тетрапакетте шығару үшін 100 млн теңгеге бизнес жоспар жасап екінші деңгейлі «Цеснабанк» АҚ-на тапсырылды.

Қазір банктің ұсынысқа қолдау таптығын күтіп отырған шаруашылық басшыларының айтуынша, бағдарлама бойынша несие алып, жұмыс басталған жағдайда тағы 20 адам жұмыспен қамтылмақ.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

● КӘСІП

БАҒДАРЛАМАЛАР БАЯНДЫ ІСКЕ ДЕМ БЕРДІ

«Даму» қорымен тұрақты байланыс орнатқан кәсіпкер мемлекеттік бағдарлама көмегіне бірнеше мәрте жүгініп, несие субсидиялау жеңілдігін пайдаланды. Балабақша мәселесіне ерекше ден қойып, «Томирис жүрегі» балабақшасының ашылуына себепкер болды. Сондай-ақ, балабақшаға «Бизнесің жол картасы - 2020» бағдарламасының «Аға сеньорлар» компоненті аясында Канададан сарапшы Гарт Хендренді арнайы шақыртып, мектеп жасына дейінгі балаларды жетілдіру бағдарламасын ендіруді де қолға алған. Ең қызығы, Айкенже мұнымен тоқтап қалмақ емес. «Даму» қорының мамандарынан кеңес алуды жалғастырып,

кепілдендірілген несиеге қол жеткізген кәсіпкердің ендігі мақсаты – наубайхана бизнесін жандандыру.

«Балабақша ашу туралы ой балаларымды балабақшаға орналастыру кезінде туындаған. Осылайша мемлекеттік бағдарлама арқылы «Банк-ЦентрКредит» АҚ-нан 18 миллион теңге несие алып, кәсібімді жандандырдым. Бір сөзбен айтқанда, облыстағы балабақша тапшылығы мәселесінің азына атсалысқым келді. Қазіргі таңда бізде жүзден аса бала тәрбиеленуде. Кәсіпкерліктің қыр-сырын меңгеруде түрлі семинар-тренинг, арнайы мамандардың кеңесі көмектесті. Соның арқасында болар, жуырда екінші ба-

стаманы қолға алып, «Зарина» наубайханасын аштық. Бүгінде 7 адам жұмыс істейді. Алға қойған жоспарым көп. Ең бастысы, жаңа наубайхананың жұмысы табысты болып, тұтынушылар қатары көбейетініне сенімдімін», – дейді ол.

«Мақсат – жетістік желкені» деп есептейтін Айкенже бизнестегі алғашқы қадамдары туралы осылай қуана айтып жүр. Облысымыздың дамуына титтей де болсын үлесін тигізуді ойлайтын кейіпкеріміздің сөзінен де, ісінен де еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілікті сезінуге болады.

Молдір ҚАЛЫМБЕТ.



ҮЛКЕН ЕЛ – ҮЛКЕН ОТБАСЫ

БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМ – ЕЛДІКТІҢ ӨРІСІ

Қазақстан халқы Ассамблеясының «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жалпұлттық жобасы аясында барлық аудан мен қала мектептері, жоғары және арнаулы оқу орындарында кездесулер мен жиындар ұйымдастыруда. Осы орайда Жаңақорған ауданында «Татулық, бірлік, келісім – ең асыл құндылық» атты кездесу болып өтті. Оған облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ-ның басшысы Уәлихан Ыбраев, түрлі сала мамандары және өзге ұлт өкілдері қатысты.

Кездесу барысында Уәлихан Ыбраев «Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жалпұлттық жобасының мақсаты жайында кеңінен айтып берді. Сан ұлтқа сая болған қазақ елі татулық пен бірлік, ынтымақты ту етіп келеді. У.Ыбраев жиында ел тұтастығына арналған шараларға қатысып жүрген азаматтарды марапаттады. Одан әрі Жаңақорған ауданы бойынша ұлтаралық қатынастар жөніндегі expertті Б.Өтебаев өткен жылы атқарылған жұмыстар жайында баяндады. Сонымен қатар

ел ағасы З. Шермағанбетов, №7 жасөспірімдер спорт мектебінің аға жаттықтырушысы И. Изатов өз ойларын ортаға салып, ұлттар достығының беріктігін сөз етті.

Шараны аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ө.Төлегенов қорытып, осы бағытта ауқымды жұмыстар әлі де атқарыла беретінін жеткізді. Кездесу соңы аудандық өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Қазалы ауданының М.Горький атындағы №16 орта мектебінде жалпұлттық жобаны түсіндіру және насихаттау мақсатында «Татулықты ту еткен – тәуелсіз ел Қазақстан» атты кездесу ұйымдастырылды. Оған аудандық этнос өкілдері, аудан әкімінің орынбасары У. Ихлатов, «Бірлік-Единство» этно-мәдени қоғамдық келісім бірлестігі, мұғалімдер мен оқушылар қатысты.

Шараны «Қоғамдық келісім» орталығы басшысының орынбасары Рахима Ахметова ашып, жобаның маңыздылығына кеңінен тоқталып, Елбасының «Ұлт Жоспары-100 нақты қадам» бағдарламасының жүзеге асырылуы, соның ішінде «Біртектілік пен бірлік» атты бағытына тоқталды. Сонымен қатар жобаның орындалуына белсене атсалысуға шақырды.

Сондай-ақ, шарада көпшілік назарына көрме ұсынылды. Онда кітаптар мен түрлі ұлт өкілдерінің ұлттық тағамдары, салт-дәстүрлерінен хабар беретін құнды дүниелер қойылды.

Мұнан кейін «Бірлік-Единство» этномәдени қоғамдық келісім бірлестігінің төрайымы Нафиса Жұма және бірлестік мүшесі Ирина Галиulina марапатталды.

Кездесу соңында түрлі ұлт өкілдерінің ән мен биі орындалды.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

ТАТУЛЫҚ БАР ЖЕРДІ ЫРЫС МЕКЕНДЕЙДІ



Жуырда Шиелі ауданында «Тірегіміз татулық – тілегіміз тыныштық» атты кездесу өткізілді. Оған «Қоғамдық келісім орталығы» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің директоры Уәлихан Ыбраев, аудандағы өзге этнос өкілдері қатысты.

Жиын барысында «Үлкен Ел – Үлкен отбасы» жалпұлттық жобасын тұрғындар арасында кеңінен түсіндіріп, әр елді мекенде, ауылдарда, аудан орталығында осы кең-байтақ жерімізді мекен етуші халықтардың өзара сыйластығын өрістетуге, бірлесу жұмыс істеудің артықшылықтарын насихаттау баса айтылды. Расында Шиелі ауданы – түрлі этностардың басы көбірек қосылған, ауызбірлігі жарасым тапқан өңір. Олардың арасындағы өзара құрмет, сенімді қарым-қатынас жалғасын табуда. Орыс, украин, корей, шешен, түрік, болгар, өзбек халықтарының өкілдері бір атың басындай бірлікті өмір сүріп келеді. Басқосуда Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың ел болашағына арналған маңызды мәлімдемелері мен бағдарламаларын бірлесу орында жолында аудан халқы өнегелілік танытып, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты нығайту барысында тындырымды тіріліктер атқарғандығы сөз етіліп, алдағы күндерге жоспарлар жасалды.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.
Шиелі ауданы.

САЙЛАУ – 2016

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 104-бабы 6-тармағына сәйкес Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы хабарлайды: ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ БОЛЫП ТІРКЕЛДІ:		
№ 6 «Аранды» сайлау округі бойынша 1. Утепов Мытықбай Түлегенович, 1964 жылы туылған, «Бақыт» шаруа қожалығының қорқышсы, Қазалы ауданы, Өйтеке би кентінің тұрғыны, қазақ, партия мүшелігінде жоқ. 2. Нұржаубай Оңталап Әбілханұлы, 1960 жылы туылған, №103 орта мектебінің мұғалімі, Қазалы ауданы, Жалаңтөс бабадур ауылының тұрғыны, қазақ, партия мүшелігінде жоқ.	ның тұрғыны, қазақ, партия мүшелігінде жоқ.	
№ 10 «Жалағаш» сайлау округі бойынша 1. Сүлейменова Ақмарал Темірбайқызы, 1984 жылы туылған, №116 орта мектебінің мұғалімі, Жалағаш ауданы, Жалағаш кентінің тұрғыны, қазақ, партия мүшелігінде жоқ. 2. Рахымбаева Гүлназ Далдабайқызы, 1978 жылы туылған, №34 орта мектебі директорының орынбасары, Жалағаш ауданы, Шаменов ауылы-	№ 11 «Бұқарбай батыр» сайлау округі бойынша 1. Есжанов Жақсыбек Оразбекұлы, 1985 жылы туылған, №118 орта мектебі директорының орынбасары, Жалағаш ауданы Таң ауылының тұрғыны, қазақ, партия мүшелігінде жоқ. 2. Жүсіпбеков Ерлан Қосымович, 1981 жылы туылған, №38 орта мектебі директорының орынбасары, Жалағаш ауданы Аққұм ауылының тұрғыны, қазақ, партия мүшелігінде жоқ. 3. Шағиртаев Имамзада Қуанышбаевич, 1969 жылы туылған, «Таң ЛТД» ЖШС директоры, Қызылорда қаласының тұрғыны, қазақ, «Нұр Отан» партиясының мүшесі.	№ 19 «Теміржол» сайлау округі бойынша 1. Оксикбаев Бектибай Асанханович, 1953 жылы туылған, «МЧ» ЖШС директоры, Қызылорда қаласының тұрғыны, қазақ, партия мүшелігінде жоқ.
№ 13 «Шаған» сайлау округі бойынша 1. Нұрумбетов Жанарбек Сражович,		

ЖАҢА ҚҰРЫЛЫМ БАСШЫСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Дүйсенбіде облыс активінің отырысында аймақ басшысы Қырымбек Көшербаев ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қызылорда облысы бойынша департамент басшысын таныстырды. Жаңа қызметке ҚР Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің бұйрығымен, облыс әкімінің келісіміне сәйкес Жазира Жылқышыева тағайындалды.

– Жазира Жақсылыққызы – тәжірибелі әрі білікті маман. Осы уақытқа дейінгі қызметтерін абыроймен атқарғаны үшін

ризашылық білдірімін, – деген облыс әкімі оның жаңа қызметіне сәттілік тілеп, Алғыс хат табыс етті.

ТАҒАЙЫНДАУ



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің 2016 жылғы 15 ақпандағы бұйрығымен облыс әкімінің келісіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері министрлігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысы – Әдеп жөніндегі кеңесінің төрағасы болып Жылқышыева Жазира Жақсылыққызы тағайындалды.

Ж.Жылқышыева 1970 жылы Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1992 жылы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда педагогикалық институтын – физика пәнінің мұғалімі, 2006 жылы «Болашақ» университетін заңгер мамандықтары бойынша бітірген. Еңбек жолын 1992 жылы Жалағаш ауданындағы №31 орта мектептің физика пәнінің мұғалімі ретінде бастаған. 1992-2001 жылдары Жалағаш ауданындағы №202 және №31 орта

мектептері директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарған.

2001-2005 жылдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Қызылорда облысы бойынша басқармасында бас маман, Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасында бөлім бастығы қызметін атқарды.

2005-2007 жылдары Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Қызылорда облысы бойынша басқармасында бөлім бастығы, Қызылорда облыстық ішкі саясат департаменті директорының орынбасары қызметтерін атқарған.

2007-2011 жылдары Қызылорда облысы әкімі аппаратының кадр жұмысы бөлімінің меңгерушісі.

2011-2015 жылдары Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы.

2015 жылдың қыркүйек айынан осы уақытқа дейін Қызылорда облысының ішкі саясат басқармасының басшысы лауазымын атқарған. «Әлеуметтік-еңбек саласының үздігі» төсбелгісімен наградталған.

ӘКІМДЕР ЕСЕБІНЕН КЕЙІНГІ ОЙ

ӨСҮ МЕН ӨРЛЕУ

Бұрыннан қалыптасқан әдет, мерзімді баспасөзді үнемі қарап, ондағы жаңалықтармен танысып отырамын. Сонда байқағаным, республикалық басылымдар Сыр бойының Елбасы бағдарламасына сай дамып, өсумен өрлеуге бет алғандығын жиі жазады. Бүкіл Сыр жұртшылығымен бірге біздің Шиелі ауданының да бұл табысқа қомақты үлес қосқандығын мақтаныш етеміз. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» мақаласында «Өр ұрпақтың өз арманы бар, оларда тек жеке және отбасылық игіліктерге ғана ұмтылыс көрініс таппайды. Оларда қашанда туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі, өз халқы мен

Отанының бақыты туралы аңсар айқын көрінеді» деп атап көрсетті. Жуырда Шиелі ауданының әкімі Қайратбек Сәрсенбаевтың бір жылдық есеп беруіне қатысқан облыс басшысы Қырымбек Көшербаевтың «Сыр – Алаштың анасы болса, Шиелі – қаусар бұлақтың көзі» дегені әркімді-ақ баурап, Елбасы тұжырымының жалғасындай сезілді.

Ауданда талай жұмыстың жүйелі жүзеге асуын аймақ басшысының тікелей өзі қалағалады. Мәселен, былтырғы бір жылдың өзінде ірі 5 шаруашылықтың бәндіке кепізде тұрған жерін өзі тікелей араласып, қайтарып бергізуі, қысқа мерзімде Оларда қашанда туған жерге деген сүйіспеншілік сезімі, өз халқы мен

пайдалануға жол ашуының өзі зор қамқорлық қой. Сондай-ақ, Шиеліге газ қосу жұмысының өзінің бұрынғы бекітілген мерзімінен көп ерте басталуы расында башының көреген саясаты деп білемін.

Аймақ басшысы аудан орталығында өткен соңғы жиындағы сауалдарға сай кент пен елді мекендерде жерасты суларының көтерілуінен кезітетін бірқатар қиыншылықтарды жою мақсатында тиісті орындарға тапсырмалар беріп, сөз бен істің нәтижелі бір жерден шығатындығын байқайты.

Алтынбай ӘСЕЙІТОВ,
Тартоғай ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы,
Шиелі ауданының Құрметті азаматы.

ҚАЛАҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ ҚУАНТАДЫ

Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың халыққа берген есебін тыңдаушылар қатарында мен де болдым. Расында, өткен жылы шаһарда көп жұмыс атқарылғанын жаңалыққа жаны құмар жұртшылық байқады деп ойлаймын. Қолға алынып жатқан жоспарлар да жеткілікті.

Осыдан он-он бес жыл бұрын қала шетінен көрікті шағын аудандар бой көтерелі десе, біреу сеніп, біреу сенбес еді. Жол жөндеу, жарықтандыру жұмыстарының қарқынды көз қуантады.

Қала басшылығының атқарған жұмыстарына халықпен бірге облыс әкімі Қырымбек Көшербаев та жасық баға берді. Ол өз сөзінде Қызылорданың әлеуметтік-экономикалық даму үдерісіндегі он өзгерістерді атап өтті. Алдағы атқарылатын тіріліктің бұрынғыдан да ауқымды екенін айтты.

Соңғы жылдары облыс орталығын көркейтуге, дамытуға қомақты қаржы бөлінді. Қаланың инвестициялық тартымдылығын арттыру, шетелдік және отандық инвесторларды жаңа жобаларға ынталандыру үшін қыруар жұмыс атқарылды. Европа қайта құру және даму банкі қаланың инженерлік инфрақұрылымын жаңғыртуда қаржы салып отыр. Сырдария өзенінің сол жағалауын игеру қолға алынды. Болашақта дарияның арғы бетінде озық инфрақұрылыммен жабдықталған, көрікті ғимараттары, әлеуметтік нысандары бар жаңа қала пайда болады.

АЛҚА МӘЖІЛІСІ

Өткен аптаның сенбі күні облыстық дарынды балаларға арналған №4 мектеп-интернатының мәжіліс залында білім басқармасының кеңейтілген алқа мәжілісі болып өтті. Оған аймақтағы жоғары, арнаулы оқу орындарының, аудандық білім бөлімінің, қосымша білім беру ұйымдары мен оңалту орталықтарының басшылары қатысты. Алқа мәжілісіне жиналғандар алдымен мектеп-интернатың материалдық-техникалық базасымен танысып, білім ордасының мұғалімдері мен оқушыларының қол жеткізген жетістіктері мен табыстарын тамашалады. Білім саласы мамандарының дәстүрлі басқосуын облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы қысқаша сөз сөйлеп ашты.

КЕЛЕШЕККЕ КЕМЕЛ БІЛІММЕН

– Елдің ертеңі бүгінгі ұрпаққа берілген біліммен тікелей байланысты,– деді облыс әкімінің орынбасары.– Сондықтан ол үнемі қадағалауды, айрықша мән беруді қажет етеді. Жылдам өзгеретін, ұзақмерзімді болжам жасау мүмкін емес кәзіргі уақытта білім беру саласы жаңа әдістер мен тың тәсілдермен толығуда. Бүгінгі мектеп баланы оқытып қана қоймай, заман ағымына ілесіп жүріп, одан өз орнын табатын, бәсекелестікпен өмір сүре алатын тұлғаны тәрбиелеуі керек. Сала мамандары осы бағытта жұмыс істеуге ұмтылып келеді. Өткен жыл аймақтың білім саласы бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды. Өздеріңіздей баянды бастамалар мен тың өзгерістерді ортаға сала отырып, ашық пікір алмасқанымыз жөн болады.

Алқа мәжілісінде “Облыстың білім беру саласы бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер жайлы” облыстық білім басқармасының басшысы Бақытжан Сайлыбаев баянда жасады.

– Елбасы өзінің Жолдауында ел дамуының жаңа кезеңін, оның ішінде білім саласының дамуын нақты айқындады,– деді баяндамашы. – Облыста орта білім беретін мектеп саны – 299, оның 260-сы орта, 24-і негізгі, 15-і бастауыш мектеп, оларда 137 мыңға жуық оқушы білім алады. Өткен жылы облыстағы мектептер желісіне жаңадан салынған үш мектеп пен Байқоңыр қаласындағы 6 қазак мектебі қосылды. Биылғы оқу жылында оқушылар оқулықтармен толық қамтамасыз етілді. Аймақта соңғы үш жылда мектеп ғимараттарын жаңарту, олардағы оқушы орындарының тапшылығын жою мен апатты мектептерді азайту барысында көп жұмыстар жүргізілді. 2013 жылы 35 мектеп апатты жағдайда болса, соңғы екі жылда 24 мектеп қайта салынып, апатты мектеп саны бұл күндері 11-ге дейін қысқарды. Жобалық құаты 50-170 оқушы орны болатын бұл мектептер Арал, Қазалы және Қармақшы аудандарының шалғай елді мекендеріне орналасқан. Сметалық құны 4,5 млрд теңге болатын бұл мектептердің құрылысын мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жүргізіп, келер жылдың соңына дейін аяқтау көзделуде. ҚР Ұлттық қоры есебінен “Нұрлы жол” бағдарламасы бойынша өткен жылы басталған 3 мектеп пен 1 балабақша құрылысы және жергілікті бюджет есебінен салынып жатқан 2 мектеп құрылысы биыл аяқталады деп күтілуде. Өткен жылы аймақта 2 мектеп пен 5 балабақша ғимаратына 408 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, биыл 5 білім беру мекемесі күрделі жөндеуден өткізілмекші.

Облыстық білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік орталығы мектептерде ағылшын тілінде оқытуға біртіндеп көшуінің жобасын жасап, оны жүзеге асыруға кірісті. Жоба бойынша ағылшын

тілінде оқыту бірінші кезекте 22 инновациялық мектеп пен мектеп-лицейлерде жүзеге асырылатын болады. Бүгінгі күні облыста 41 мектеп-лицей бар. Оның 11-і осы оқу жылында ашылды. Мектептердің оқу жоспарларына өзгерістер енгізіледі. Оқу пәндерін ағылшын тілінде жүргізетін мамандарды арнайы даярлау үшін облыс әкімі мен “КАТЕВ” халықаралық қорының арасында келісімге қол қойылып, М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжінің базасында мамандар даярлау қолға алынууда. Сондай-ақ аймақта 59 қосымша білім беру ұйымы бар, оларға оқушылардың 30,9 пайызы тартылған.

Есепті мерзімде елімізде және шет мемлекеттерде өткен халықаралық олимпиадаларға, ғылыми жоба жарыстарына қатысқан 84 дарынды оқушының 46-сы жүлделі орындарды иеленді. Биылғы пәндік олимпиадалардың аудандық, облыстық кезеңдері өткізіліп, оның жүлдегері танылған 10 оқушы республикалық пәндік олимпиадаға жолдамалар алды.

Өткен оқу жылында аймақ түлектерінің ҰБТ-дан жинаған балы мен иеленген гранттар санына тоқталған сала басшысы биылғы мектеп бітірушілердің ай сайынғы сынама тест қорытындысынан жария етті. Өткен жылы 139 түлек “Алтын белгі”, 59 түлек “Үздік аттестат” иеленсе, биылғы түлектердің 338-і “Алтын белгіге”, 169-ы “Үздік аттестатқа” үміткер болып отыр.

Алқа мәжілісінде сөз алған облыстық оқу-әдістемелік орталығының директоры Сырым Асқаров инновациялық білім беру ұйымдарының жұмысын үйлестіру жайында айтса, Жалағаш аудандық білім бөлімінің басшысы Бағдат Бердәулетов сала табыстары мен алдағы міндеттеріне тоқталды. Облыс орталығындағы балаларға қосымша білім беретін, тың жаңалықтар жаршысы бола білген “UCMAS-Қызылорда” орталығының басшысы Алтын Әбдуәлиева балалардың ментальді арифметикадағы сауаттарын жайында әңгімеледі. №3 оңалту орталығының директоры Манара Адамова мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беруінің кәзіргі заманғы тенденцияларына талдау жасаса, Қазалы ауданындағы колік-техникалық колледжінің директоры Болат Ахметов жұмысшы мамандығын дайындаудың өзектілігі жайында ой өрбітті. Ал білім саласының жанажыры Сейітқали Алшынбаев мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамытудың өз орны бар екеніне тоқталды. Ресей мемлекеттік университетінде оқытын сырбойлық студенттің анасы Нұрғұл Нысанова түлектерге жасалған қамқорлыққа алғысын білдірді.

Мәжілісті облыс әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлы қорытындылады.

Жұмагүл ОРАЛБАЕВА.

ЖЫЛДЫҢ ЖАРҚЫН ЖЕТІСТІГІ ЕЛГЕ ОРТАҚ



ЕЛБАСЫНЫҢ
СЫРҒА
САПАРЫ
ЕЛДІҢ РУХЫН
КӨТЕРДІ




• Айдын
Айға
ұшқан
жыл




• 2015 жылы 460 мың шаршы метрлік 4227 пәтер пайдалануға берілді.
Облыстағы құрылыс 3,5 есе, қалада 8 есеге өсті



• 2015 – Қазақстан Халқы Ассамблеясына 20 жыл



• “Достық үйі” – татулық дәнекері



• Жайнаған “Жібек жолы”

ӨҢІР ӨНДІРІСІНІҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙДІ



• 2015 – Ұлы Жеңіске 70 жыл



• Елбасы қатысуымен тікелей телекөпірде тұрғын үй құрылысы комбинаты іске қосылды



• Игілікке бастаған инвестициялық форум



• "Аралтүзға" – 90 жыл



• Қызылордада алғашқы құрама жем зауыты ашылды



• Таза су – таз өмір
2015 жылы облыс орталығы 100 пайыз
"Қызылжарма" жер асты таза су желісіне қосылды



• Сол жағалау – сұлу Сырдың серпіні



• "Арай" кешені – шаһардың бір шырайы

ӨТКЕННІҢ ӨНЕГЕСІ МЕН БҮГІННІҢ БЕРЕКЕСІ



• ҰБТ қорытындысы бойынша облыс үздік бестікке кірді. 139 түлек "Алтын белгі" иегері атанды



• 300-ден астам қызылордалық жас грантпен Ресейдің белді техникалық оқу орындарында білім алуда



• Тарландар шынығатын бокс кешені



• Шыны зауытының құрылысы қарқынды жүруде



• Өткен жылы озық үлгідегі қалалық ипподром ашылды



• Қой жылында малшылар слеті қайта жаңғырды



• Балық – байлық. Былтыр 50 жылда алғаш рет балықшылар слеті өтті

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДАҒЫ СОНЫ СЕРПІН

• Бала бақыты бәрінен қымбат.
2015 жылы облыста 82
балабақша ашылды.

3 пен 6 жас аралығындағы балаларды
балабақшамен қамту 100 пайызға жетті



• Көгілдір отын – көптің игілігі.

Бір жылда төрт аудан орталығы газдандырылды



• М.Шоқай және
Н.Бекежановтың
125 жылдығы
республикалық
деңгейде аталып өтті.



• Былтыр Байқоңырдағы 6 мектеп Қазақстан
қарамағына қайтарылды



• Өткен жылы 21 мектептің құрылысы басталып,
17-сі пайдалануға берілді.



• 2015 – Сыр
диқандары тағы да
рекорд жасады.
Күріштің әр гектарынан
50,5 центнерден өнім
жиналып, 423,6 мың
тонна дән қамбаға
құйылды



• “Атамекен” отбасылық үлгідегі балалар ауылы ашылды.
Облыста жетімдер үйі жойылды



ОЙТҮРТКІ

Соңғы уақытта әлеуметтік желілер мен теледидарға қарау қорқынышты болып барады. Елімізде болып жатқан оқыс оқиғалардың, қылмыстардың бейнежазбалары ешқандай бүркемелеусіз тарап жатыр. Жан түршіктіретін жазбалардан қашып құтыла алмайсың. Өйткені қайда қарасаң да, осы тақырып талқыға түсіп, желідегілер осы бейнежазбаларды үздіксіз бөлісуде. Сенсация мен эксклюзив сөнге айналды.

Сана сүзгісінен өткізсек...



Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА

Қазақ тіліндегі табу, эвфемизм, дисфемизм деген ұғымдар бәрімізге аян. Оған мысал ретінде қазақтың нанымы бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздер келтіріледі. Ата-бабалармыз тұрмыс-тіршілігіне кедергі келтірген табиғат апаттарының, атап айтқанда, найзағайдың атын тура атамай, «жай» немесе «жасыл» деген. Атын атаса малға шабады деген оймен қасқырды «ит-құс», «ұлыма», «қарақұлақ» деп атаған. Аурудың атын тураламай «жаман ауру», «жіңішке ауру», «қызыл көйлек», түрлі жараларды «шығу» деп айтатын әжелердің тәрбиесін көрдік. Жарықтыстар ағаш пен сымнан мылтық жасап, соғыс ойнаған, құмды үйіп ойнаған балаларға «жамандық шақырма» деп ұрсып жүретін. Ұры алған, жоғалған малды «ұрланды» деудің орнына «қолды болды», қонақтан шыққанда «кетейік, қайтайықтың» орнына «көбейейік» деуі олардың әр сөзге, ауыздан шыққан сөздің түпкі мағынасына мән бергенін байқатады. Қазақ соқырды «зағип», керенді «құлағы ауыр», ұрны «қолының сұғанағы бар» деп сипаттаған.

Бұл мысалдар бұрынғылардың сөз құдіретін терең ұғынғанына, жамандық атауылдан іргесін аулақ ұстау үшін көп аяғы оның атын тура айтпай сақтанғанына дәлел болады. Әжелеріміз өздері айтпайтын сөздер біздің аузымыздан шықса, «тәйт әрі, қайдағыны айтпа» деп қатты тыып тастайтын. «Бөде-жала аулақ болсын» деген ниетпен жыртқыштық, кеселдің, апаттың атын айтау үрдісінен алыстап кеткеннен ұзаққа барғанымыз байқалмайды.

Қазіргі тасқындаған ақпараттың арасында бәрі бар. Жолындағыны түгел жайпаған жойқын ағыс тәрізді. Бұл ақпараттарды ақыл тоқтатқан адам да, асыл мен жасықты айыра алмайтын бала да көріп, бір-біріне жолдап жатыр. Қорқыныштысы сол, желілер жапатармағай жариялап, теледидар жерден жеті қоян тапқандай көрсеткен, жұртшылық жаппай таратқан сайын сұмдық оқиғалардың бояуы қалыңдап, күннен күнге көбейіп барады. Баяғылардың ізімен «тәйт әрі» деп тыйым салатын, мұның соны жақсылыққа апармайтынын айтатын адам ізделдік.

Сөйтіп жүргенде белгілі журналист Қанат Әуесбай осы тақырыпқа байланысты ойын барлық БАҚ-қа үндеу ретінде Фейсбуктегі парақшасына жариялады. «Нәрселердің ойдан-қырлан, қоқыс арасы, әжектендіан көп табылуына қатысты айтармын бар еді. Социология ғылымында «Верттер синдромы» (Sindromul werther) деген бар. Бұл синдром бойынша, бір рет жасалған жауыздық актісі ақпарат құралдарынан кеңінен айтылып, жазылып, көрсетіле берсе, бұл кәніпезер әрекет доминио әдісімен елдің әр қиырынан қылаң беріп, ұласпалыға айналады. Мәселен, өзіне-өзі қол салу әрекеті.

Америкалық социологтардың айтуынша, ақпарат құралдары суицидті жаппай жұртшылықтың қалперіне сала беріп, өсіне түсіре берсе, бұдан өзіне қол салу әрекеттерін одан сайын маздатып, өршітіп, ұшықтырып алу қаупі жоғары. Өйткені, өмірімен қош айтысуға оқталып жүрген адам, теледидардан өзі сияқты суицид жасаған бейбақтарды көргенде өзін-өзі ақтай бастайды. Яғни, «мен ғана емес екейміз» деп сияқты өмірмен қоштасқысы келетін адамдар көп екен ғой» деген сияқты керегар ойлармен өзін жұбата бастайды.

Мұны айтып отырған себебім, соңғы кездері ақпарат құралдарында қызыл шақа тастандыларың дақтырып кеткен «көкек аналар» туралы ақпарат ел ішін кеулен кетті. Тараздағы екі оқиға аздай, Алматы облысындағы тағы бір тастанды бала жағамызды ұстатты. Мұндай оқиғаның жиілеуіне ақпарат құралдарының шектен тыс әсіресеңсияшыл өрекіңген ниеттерінің де кінесі бар деп айтар ем. Өйткені, журналистер көп айта берген сайын құлақ та, көз де, ауыз да үйренеді, бойымыз да үйреніп кеткенін байқаймай қаламыз.

Сондықтан лажды болса, мұндай қайғылы тақырыптарды жіті назарға іліктіріп, соған екпін қойып, маздата беру орнына барынша шектеп, тіпті, тыйым салса да артық емес деп санаймын. Үндеуіме ақпарат құралдарының құлақ асқанын қалаймын. Нақты мысал, 80-ші жылдары Аустрияда метрода өзін-өзі өлтірген әрекеттер көбейіп кеткен. Сонда бұл келенсіздік ақпарат құралдарының басты тақырыбына айналады. Жергілікті билік ақпарат құралдарына бұл тақырыпқа шектеу қоюға үндеу тастағаны сол екен, көбісі құп алған екен. Нәтижесінде көп ұзамай-ақ Аустриядағы метрода суицид статистикасы едәуір азайған».

Бұл үндеу, жазбада айтылғандай, тастанды балалар оқиғасының бірнеше мәрте қайталанғанынан кейін жарық көрген еді. Дер кезінде аталы сөз айтқан авторға ризашылық білдіргендер қатарында болдым. Енді мұндай әсіркезылшылыққа жол берілмейтін шығар деп үміттендім. Бірақ, айналасы бір-екі аптадан соң сол баяғы әдет, барлық әлеуметтік желіні жап-жас жігітті азаптаған, қар арасынан мүрдеcін аршып алған жазбалар қаптап кетті.

Қылмыс атаулыны айналдырып көрсетіп, көрермен мен оқырман жинау, оқиға орнынан суреттер мен бейнежазбалар тарату сол сұмдықты жарнамалағандай әсер қалдырады. Жамандықтың ауылынан алыс қонғамыз келсе, қылмыс пен апат салдары бейнеленген жазбаларды таратуды тоқтатайық. Құдайдың құтты күні төгілген қанды, азапталған жанды көре-көре жүрегіміз қатайып, ештеңеге селт етпейтін адам болып кетуден қорқам. Өзімізден бұрын, санасы ақ паракетай таза балаларды уайымдаймын. Келенсіздікті дақыртқа айналдырғаннан даңқы асқандар жоқтың қасы. Сондықтан тарататын бейнежазба мен ақпаратымызды сана сүзгісінен өткізіп алайықшы.

ӨНЕР

ҰЗАНДАРДЫҢ ІЗІ ЕДІ

Қазақ әдебиеті мен өнерінің алтын ғасыры атанған XIX-XX ғасыр керегесін жырмен көктеген Сыр шайырлары Нұртуған, Жаңаберген, Нұрмағанбет, Жәмет, Дәріғұл, Жапарберді сынды өнер иелері қалдырған дәстүрлі жыраулық өнер халықпен бірге жасап келеді.

Осы бабалар аманатын бүгінгі ұрпаққа саф алтындай сақтап жеткізген өнер иелері қатарындағы Бекұзақ Тәңірбергенов, Сұраған Мырзаев, Рысбек Әшімовтердің есімі жырсүйер қауымның жүрегінде сақтаулы екендігі анық. Осындай талант иелерінің мұрасын насихаттау, кейінгі ұрпаққа есімін ұлықтау мақсатында өткізіліп жатқан шаралар аз емес. Соның бірі ұлттық өнерде өзіндік орны бар, «Аралдың қара жорғасы» атанған Рысбек жыраудың шығармалары мен мақам-саздарын халық жадында жаңғырту сонымен бірге қайталанбас өнер иесінің мұрасын насихаттауға арналды. Облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық жыршы-жыраулар фестивалі «Рухты жырдың Рысбекі» деп аталды.

1986 жылы Токио университетінің профессоры, дүниежүзі өнерін зерттеуші ғалым Минору Марито «КСРО халықтарының өнері және өнерпаздары» атты алтын дискінің бір данасына Рысбек Әшімовтің дауысын жаздырған. Мәскеу мен Киевтегі халықаралық конференцияларда, Санкт-Петербургте, Алматыда өткен халық-

ТАҒЗЫМ



СПОРТ

ҚАРА КҮШ ИЕЛЕРІ БАҚ СЫНАСТЫ

Өткен апта соңында Қызылорда облысының жоғары спорт шеберлігі мектебінде гір көтеру және қол күресінен облыс біріншілігі аяқталды.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған жарысқа Қызылорда қаласы, барлық аудандар және облыстық төтенше жағдайлар департаменті, Қорқыт ата атындағы ҚМУ, «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты, И.Өбдікаримов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық колледжі, «Болашақ», «Өркеніет» медицина колледжідері және жастар орталығынан барлығы 15 команда, 160-ға жуық спортшы бақ сынады.

Жеңімпаздар облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының алғыс хат, естелік сыйлықтарымен марапатталса, жарыс демеушілері «Ата Заң» корпорациясы, «Тотем» дүкені және «Заң Заңғары» компанияларының медальдары табысталды.

ШИЕЛІЛІКТЕР ҮШІНШІ МӘРТЕ ТОП ЖАРДЫ

Өткен аптада Арал қаласында Асхат Ахановты еске алуға арналған волейболдан 2000-2001 жылғы жасөспірімдер арасында республикалық турнир аяқталды.

Осымен бесінші мәрте ұйымдастырылған жарысқа Ақтөбе, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарынан 29 команда, 300-ге жуық спортшы қатысты.

Төрт күнге созылған сайынстың қорытындысы бойынша ұлдар арасында Шнелі ауданының командасы қатарынан 3 мәрте турнирдің жеңімпазы атанды. Екінші орынды Ақтөбе облысы Байғанин ауданының құрама командасы иеленсе, үшінші орынды Арал ауданының командасы еншіледі. Қыздар арасында Ақтөбе облысы Хромтау қаласының спортшылары көш бастаса, күміс жүлде Сырдария ауданының еншісіне тиді. Ал, қола жүлде Ақтөбе облысы Ырғыз ауданының командасына бұйырды.

МЕЙІРІМ КҮНІН ТОЙЛАЙЫҚ



Дүние жүзі бойынша 17 ақпан – Мейірім күні екенін білесіз бе? Бұл күні барлық адамдар мейірімді болуға тырысуы қажет, шексіз және шын пейілімен мейірімді болу керек.

Бұл мерекенің тойланып жүргеніне көп уақыт бола қойған жоқ. Алайда, біз өмір сүріп жатқан ғаламға ең қажет мейрам. Мейірім күні – жер бетіндегі адамдардың ұлтына, дініне, азаматтығына, наным-сеніміне қарамастан, бәріне ортақ мереке.

Мейірімділік – рахметті күтпейтін, өз істерінің бағалануын, аталуын талап етпейтін сезім. Егер адам біреуге жасаған жақсылығы үшін мадақ естіп, рахметке қарық боламын деп күтсе, бұл шынайы мейірім емес. Сондықтан да оны аса бағалы затпен немесе ақшамен емес, шынайы күлкіңізбен-ақ білдіруге болады.

«Адам баласынан мейірім қашса, жер бетінен жақсылық қашады» - деген екен данышпан халқымыз. Қазіргі жастар тәрбиесінде жүректі ізгілендіру, нұрландыру арқылы адам жанына әсер ету үрдісі кең қолданылып келеді. Адамзат мейірімділікті ерлік емес, азаматтық борышы деп сезінуі қажет. Кезінде Абай атамыз да өзінің қара сөздерінде «Тірі адамның жүректен аяулы жері жоқ» деген.

Мейірімділік – ол басқалардың игілігі үшін қамқор болу. Бұл қасиет адамдармен, жануарлармен, табиғатпен қарым-қатынаста байқалады. Шынайы мейірімді болу өзінен гөрі адамдарға, қоршаған ортаға қамқор болу дегенді білдіреді. Кез келген жерден көмегіңізге мұқтаж адамды кездестіре аласыз. Мысалы, карт көршінің, кішкентайын өсіріп жатқан жалғызбасты ана, қиын жағдайға тап болған танысыңыз... Оларға уақытыңыз бен назарыңызды бөліңіз, көмегіңіз қажет шығар, сұраның. Біреуге көмегіңіз тисе, өзіңіз де бір сәт риза болып қаласыз. Бұдан кейін де мейірімді істер легін жалғастыруға ықыласыңыз ашыла түседі.

Жүсіп Баласағұн «Кір тигізбей ұста ойыңның өресін, мейірім етсең — мейірімділік көресің» деген. Иә, пенделер бір-біріне жылы сөйлеп, мейірімді болса қандай жақсы! Онда жер бетінде зұлымдық жойылар еді. Адамдардың пейілінен пайда болған түрлі қауіп-қатерлер, қақтығыстар орын алмас еді. Ақын Бейбіт Сарыбай айтқандай, «Өлемді сұлулық емес, мейірім құтқарады».

Мейірімді болу соншалықты қиын нәрсе емес. Егер біз мұқтаж жанға аз ғана жақсылық жасасақ, Алла оны еселеп қайтаратыны сөзсіз.

Дүниеде адамның адамға, ұлттың ұлтқа мейірімінен артық ештеңе жоқ. Мейірім үстемдік құрған мемлекеттің ғана мерейі үстем болмақ.

Гүлхан ЯХИЯЕВА.

аралық фестивальдарда жүлделі орын иеленген қайталанбас өнер иесі ЮНЕСКО-ның алтын медалімен де марапатталған еді. Екімыңыншы жылдардың басында Вашингтонда өткен Смитсон халықаралық фольклорлық фестивалыарында жүлдегер атанды.

Жыр кешіне Ақтөбе облысынан белгілі жырау Демеубай Жолымбетов сондай-ақ Сыр еліндегі жыр мектептерінің көрнекті өкілдері Бидас Рүстембеков, Шолпан Бымбетова, Айбек Тәңірбергенов, Оразалы Әлішбеков, Айна Тұякова, Серік Жақсығұлов, Айгерім Ешбаева, Нұртілек Ақтаев, Жарасқан Төлебай, Әлілхан Қуанбаев, Марат Сүгірбаев, Серікқали Жұбаниязов, Ғанибек Өмірзаков, Зәуре Ізекшешова қатысып, жырсүйер қауымның ыстық ықыласына бөленді.

Жыр кешінде Рысбек жыраудың сыйлас достары, өнердегі ағалары, әріптестері, белгілі жырау Жұмабек Аққұлов, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, композитор Рамазан Тайманов, ақын, режиссер Оңталап Нұрмахановтар естелік айтып, фестивальға қатысқан барлық өнерпаздарға алғыс хат тапсырылды.

Екі сағатқа созылған еске алу кешінде халықтың Рысегін сағынғандығы анық байқалып тұрды. Жыраулардың көмейінен төгілген жақұт жырдан Рысбек жыраудың үні, рухты жырдың киесі Арал аспанында қалықтап тұрғандай әсер қалдырды.

САМАНКЕЛДІНБЕВ, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының директоры.



ЖАСТЫҒЫН ЖАЛЫН ШАРПЫҒАН

Жуырда Жалағаш ауданы әкімдігі және аудандық Ауғанстан соғысына және Чернобыль апатына қатысушылар аймақтық соғыс ардагерлері кеңесінің ұйымдастыруымен «Жастығын жалын шарпығандар» атты көздесу кеші өтті. Ауған жерінен Кеңес әскерлерінің шығарылғанына 27 жыл толуына орай ұйымдастырылған салтанатты шараға аудан әкімінің орынбасары Жағыпар Тәжмаханов қатысып, ерлік көрсеткен аға ұрпақтың ел жадынан мәңгі өшпейтіндігін жеткізді.

Шара барысында «Ауған соғысы мен жер-

гілікті соғыс ардагерлерінің одағы» қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Қайраллин Баймаханов сөз алып, жастарды елжандылыққа баулуа мұндай шаралардың маңызды екендігін атап өтті. Сонымен қатар, Жалағаш аудандық қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімі басшысының міндетін атқарушы Ғ.Бердібеков «Жас ұландарға» әскери тіркеу куәлігін тапсырды.

Шара соңында патриоттық тақырыпта әндер шырықалып, жасуландықтардың саптық байқауы және қару жарактарды игеру өнері көрсетілді.

Нұрбек САҒАТУЛЫ. Жалағаш ауданы.

Хабарландыру

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нұрекесвич 2016 жылдың 22 қаңтарында қайтыс болған азаматша Жакенова Карлығаш Әуезханқызы атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

Мұрагерлер болса мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88.

Менің иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі
телефакс

70-00-36

Бас редактор

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі

40-02-17

Бас редактордың
орынбасары

70-00-43

Жауапты ағашы

70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-41

жағнама - 70-00-49, 70-00-52

өспел-қисап - 70-00-39, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:

Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шнелі, Жерқорған:

Нұржанов Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сәйкесінше, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетіне тіркелген.

Тіркеу куәлігі №12933-Г, 27.08.2012 ж.

"Сыр бойы" облыстық газеті
КР СТ ИСО 9001-2009
"Сайта менеджмент күйіне"
талпарларына сәйкес сертификацияланған.

Ақпаратқа қатысты тақырып бойынша төлемдер, қолжазба өңдеулер және қайтарылымдар. Жарияландыру газетінің түпнұсқалық көздерімен білдіріледі. "ТҚ" шығыс қызмет.

Газет радиациялық компьютер орталығында қотпалып, "Сыр иесінің" ЖШС өз басқармасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына "Қазпошта" • 23-54-51, "Евразия-Пресс" • 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 28444

Тапсырыс № 174

Электронды оқылым – 28000.